

**Ақпарат жеткізушілердің ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібі туралы ережені бекіту жөнінде**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 250 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 28 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3113. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 53 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **қаулы етеді:**

1. Ақпарат жеткізушілердің ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға

"Ақпарат жеткізушілердің ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібі туралы ережені бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 250 қаулысымен бекітілді

**Ақпарат жеткізушілердің ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібі туралы Ереже**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюро және кредиттік тарихтың қалыптасуы туралы" (бұдан әрі - Кредиттік бюро туралы заң) Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ақпарат жеткізушілердің ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптарды, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібін және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібін белгілейді.

Осы Ережеде Кредиттік бюро туралы заңда анықталған ұғымдар мен терминдер пайдаланылады.

## **1-тарау. Ақпаратты кредиттік бюроларға беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар**

1. Кредиттік бюроларға ақпаратты ұсыну талаптары мыналар болып табылады:

1) кредиттік бюромен ақпаратты ұсыну туралы шарт жасалғаннан кейін екі күндік мерзімде жазбаша нысанда тізімді және кредиттік бюроларға ақпаратты ұсынуға жауапты және/немесе кредиттік бюролармен жұмыс істеуге уәкілетті өзінің қызметкерлері туралы басқа да мәліметтерді ұсыну;

2) кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге олардың алған келісімдерінің тізілімін және кредиттік тарих субъектілері туралы кредиттік бюроға өз сұратуларының тізілімін электрондық нысанда жүргізеді.

2. Ақпаратты жеткізушінің кредиттік бюроға ақпаратты беруінің негізгі шарты кредиттік бюроға ол туралы ақпаратты беруге кредиттік тарих субъектісінің келісімін алу болып табылады.

3. Жеке немесе заңды тұлғада кредиттік тарих болмаған жағдайда, кредиттік тарихтың деректер базасына сәйкес, ақпаратты жеткізуші кредиттік тарихтың субъектісі ретінде бұл тұлға туралы бастапқы ақпаратты қалыптастырады.

**Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 23.02.2007 N 38 қаулысымен.**

4. Кредиттік тарих субъектісі туралы бастапқы ақпаратты кредиттік тарихтың деректер базасына енгізу үшін ақпаратты жеткізуші оны электрондық нысанда кредиттік бюроға жібереді.

5. Кредиттік тарих субъектісінің кредит беру туралы жасалған шарт талаптарының не өзге міндеттемелердің орындалуы туралы қосымша ақпаратты оны қалыптастыру шарасы бойынша және кредиттік бюро анықтаған нысанда ақпаратты жеткізуші кредиттік бюроға береді.

## **2-тарау. Кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі**

6. Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюроға олар туралы ақпаратты беру туралы келісімі осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес ресімделеді.

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 23.02.2007 N 38 қаулысымен.

7. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 23.02.2007 N 38 қаулысымен .

8. Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті беруге келісімі осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес ресімделеді. Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті алуға берген келісімін алғандығы туралы растама кредиттік бюромен анықталған тәртіппен кредиттік бюроға алушымен ұсынылады.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 23.02.2007 N 38 қаулысымен.

9. Осы Ереженің 6 және 8-тармағында көрсетілген кредиттік тарих субъектілерінің келісімдері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және құжаттардың сақталу тәртібін айқындайтын ішкі құжаттарға сәйкес ақпаратты жеткізушілермен және алушылармен сақталуға жатады.

Егер кредиттік тарих субъектісі өзінің келісінде ол барлық мүмкін дерек көздерінен ақпаратты алуға және (немесе) беруге қатысты екендігін көрсеткен жағдайда, онда осы келісімнің нотариатта куәландырылған көшірмесі соңынан келісім бойынша кредиттік бюроға онымен келіскен мерзімде сондай субъект туралы ақпаратты жинау мүмкіндігі болу үшін ұсынылады.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 23.02.2007 N 38 қаулысымен.

### **3-тарау. Кредиттік есеп берудің шарттары мен тәртібі**

10. Кредиттік бюро туралы заңның 29-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша оны алуға құқығы бар тұлғаның сұратуы бойынша, Кредиттік бюро туралы заңның 24-бабында көрсетілген ақпараты бар электрондық немесе қағаз нысанында кредиттік есепті кредиттік бюро береді.

11. Кредиттік бюро Кредиттік бюро туралы заңға сәйкес кредиттік есептер мен оны алушылардың тізілімін беруге байланысты құжаттарды есепке алады.

### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

12. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында анықталған тәртіппен шешіледі.

Ақпарат жеткізушілерді ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы,

кредиттік тарих  
субъектілерінің олар туралы ақпаратты  
кредиттік бюроларға  
беруге келісiмiн ресiмдеу, кредиттік  
есептi беруге келісiмдi  
ресiмдеу тәртібі туралы және кредиттік  
есеп беру  
шарттары мен тәртібі туралы ереженің  
1-қосымшасы

## Кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беру келісімі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

жергілікті уақыт \_\_\_ сағат \_\_\_ минут

Жеке тұлға үшін

---

---

---

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні және жері,  
тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні)  
Заңды тұлға үшін

---

---

---

(толық атауы, орналасқан жері, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу  
(қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес тіркеу нөмірі  
немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркелуі жөніндегі заңнама бойынша  
сәйкестендіру үшін ресми қолданылатын басқа сәйкестендіру нөмірі) болып  
отырған

---

---

---

(ақпарат дереккөзінің (дереккөздерінің) атауын көрсету. Егер  
ақпаратты барлық мүмкін дерек көздерінен ұсынуға келісім берілген  
жағдайда бұл туралы белгі қою қажет),  
және болашақта көрсетілген дереккөзге (дереккөздерге) келіп түсетін

---

(болашақта келіп түсетін ақпаратты ашуға келісім болған жағдайда қол қойылуы қажет; болашақта келіп түсетін ақпаратты ашуға келісім болмаған жағдайда сызықша қойылуы қажет),  
барлық кредиттік бюроларға (осы келісімді ресімдеп отырған ақпаратты жеткізуші Кредиттік бюро туралы заңның 23-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес ақпаратты Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық кредиттік бюроларға жіберсе) немесе

---

(осы келісімді ресімдеп отырған ақпаратты жеткізуші Кредиттік бюро туралы заңның 23-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық кредиттік бюроларға жіберуге міндетті емес болса, кредиттік бюроның атауын көрсетуі керек).  
кредиттік бюроға

---

(жеке тұлға үшін: өз қолымен тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке қолы қойылады;  
заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы көрсетіледі, егер тұлға заңды тұлғаның атынан сенімхаттың түпнұсқасын қоса берумен, сенімхат негізінде іс-қимыл жасайтын болса, сенімхаттың деректемелерін көрсете отырып, осы келісімге қол қоятын заңды уәкілетті тұлғаның қолы қойылады)

---

(осы келісімді қабылдаған ұйымның атауы; осы келісімді қабылдауға уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты және қолы)  
мүліктік сипаттағы оның қаржылық және басқа міндеттемелеріне қатысты ақпаратты беруге осы келісімді береді.

Ақпарат жеткізушілерді ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібі туралы ереженің 2-қосымшасы

## Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының  
26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

жергілікті уақыт \_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минут

Жеке тұлға үшін

---

---

---

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні және жері,  
тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні)  
Заңды тұлға үшін

---

---

---

(толық атауы, орналасқан жері, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу  
(қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес тіркеу нөмірі  
немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркелуі жөніндегі заңнама бойынша  
сәйкестендіру үшін ресми қолданылатын басқа сәйкестендіру нөмірі)  
кредиттік бюродағы оның мүліктік сипаттағы қаржылық және басқа  
міндеттемелеріне қатысты ақпарат және келешекте кредиттік бюроға  
түсетін ақпарат осы келісімді қабылдаған кредиттік бюродан ақпаратты  
алушыға ашылатындығы жөнінде осы келісімді береді.

---

—

---

—

---

—

(жеке тұлға үшін: өз қолымен тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке қолы  
қойылады;

заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы көрсетіледі, егер тұлға заңды  
тұлғаның атынан сенімхаттың түпнұсқасын қоса берумен, сенімхат  
негізінде іс-қимыл жасайтын болса, сенімхаттың деректемелерін көрсете  
отырып, осы келісімге қол қоятын заңды уәкілетті тұлғаның қолы қойылады)

---

(осы келісімді қабылдаған ұйымның атауы; осы келісімді қабылдауға уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты және қолы)

Ақпарат жеткізушілердің ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібі туралы ереженің 3-қосымшасы

**Ескерту: 3-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 23.02.2007 N 38 қаулысымен.**

Ақпарат жеткізушілердің ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібі туралы ереженің 4-қосымшасы

**Ескерту: 4-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 23.02.2007 N 38 қаулысымен.**

Ақпарат жеткізушілердің ақпаратты беру тәртібіне қойылатын шарттар мен ең төменгі талаптар туралы, кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісін ресімдеу, кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы және кредиттік есеп беру шарттары мен тәртібі туралы ереженің 5-қосымшасы



Ескерту: 5-қосымша алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 23.02.2007 N 38 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК